

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы N 304 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 1046 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін автомобильдер сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы N 304 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік органдар тізбесінде және 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сатып алынатын техниканың санында:

реттік нөмірі 1 - жолда:

2-бағандағы "Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Шаруашылық басқармасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3, 4-бағандар мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

" А в т о б у с 1 " ;

"Жиыны" деген жолдағы "32" деген сандар "33" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі